



ВЬЕТНАМНЫҢ ЖАҢАДАН САЙЛАНҒАН ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев То Ламфа Вьетнам Социалистік Республикасының Президенті болып сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Вьетнам Президентінің алдағы барлық бастамасына табыс, ал достас вьетнам халқына бақ-береке тіледі.

«Сіз осы лауазымда қызмет еткен кезеңде ғажап еліңіз одан әрі гүлденіп, үйлесімді және орнықты қоғам құру жолында тұрақты дами беретініне сенімдімін. Қазақстан мен Вьетнамды өзара сенім мен ортақ мүддеге негізделген тығыз қарым-қатынастар байланыстырады. Елдеріміздің мүддесі жолындағы көпқырлы ықпалдастықты өркендету үшін жана мүмкіндіктерді Сізбен бірлесіп пайдалануға дайынмын», — деп жазылған жеделхатта.

СИНГАПУР РЕСПУБЛИКАСЫНА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы 23-24 мамыр күндері Президент Тарман Шанмугаратнамның шақыруымен Сингапур Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапурдың жоғары басшылығымен, халықаралық ірі компаниялардың жетекшілерімен бірқатар кездесу өткізеді және Қазақстан-Сингапур бизнес форумының жұмысына қатысады деп жоспарланып отыр.

МАЛ АЗАЙЫП БАРАДЫ МАҢАЙДАҒЫ

Қазақстанда мал басы кеми бастады. Мұның да өзіндік себебі болғанмен, әу бастағы санақта да олқылық бар екені анықталды. Есеп-қисапқа алынған малдың азаюына біріншіден, қыстағы Арқадағы жұт пен көктемде 17 облыстың басым көпшілігін жапқан тасқын су әсер етіпті. Екіншіден, ұрлық-қарлық та тыйылмай тұр. Үшіншіден, аймақтардың қатты «қосып жазғаны» анықталды. Осыған орай Үкімет барлық малды жаппай қайта санап шығады. Бұл науқанға дайындық жүріп жатыр.



СИБИР САНЫ 1990 ЖЫЛДАҒЫДАН КЕМІДІ
 Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша құстың саны 46 миллион 407,3 мың басты құрады. 2023 жылғы ұқсас кезеңде 46 миллион 154,8 мың болған.

Кой мен ешкі саны 26 миллион 500 мыңға дейін құлдырады. Салыстырып қарасақ, 2023 жылғы 1 мамырда олар 27 миллион 616,3 мың бас болған. Яғни, бір жыл ішінде ұсақ мал 1 миллион 116,3 мыңға азайды.

Әрине мал сойылмай тұрмайды. Дегенмен союға тапсырылған барлық мал мен құстың саны сонша өскен

жөк: 2023 жылғы төрт айда тірідей салмақта союға өткізілген малдың жалпы салмағы 596,8 мың тонна болса, 2024 жылғы төрт айда 605,9 мың тоннаны құрады. Айырмашылық 9 мың тоннадан сәл асады. Ал бұл есепке кой мен ешкі ғана емес, ірі қара мал да кіретінін ескеру қажет.

Сонымен қатар сиыр саны да кеміп кетті: 2023 жылғы 1 мамырда 9 миллион 864,6 мың ірі қара болса, 2024 жылғы 1 мамырда 9 миллион 698,5 мыңы ғана қалды. Дәлірек айтқанда, 166 мың басқа азайды.

(Жалғасы 4-бетте)

ТОТЫДАЙ ТАРАНҒАН ТҮРКІСТАН



Ерекше стильдегі Жастар орталығында арнайы демалыс аймағы, стрит-воркаут алаңы, амфитеатр, электронды кітапхана бөлмесі құрылып, үйірмелерге арналған бөлмелермен, шағын спортзал және көпфункционалды залдармен қамтылмақ.

СЫҢҒЫРЛА, СЫРЛЫ ҚОҢЫРАУ



Өмірдің ең бір алаңсыз, ең бір бақытты сәттерінің куәсі болған алтын ұя – мектеп кім-кімге болса да ыстық. Шетелдерде де мектеп бітіру кешін тойлаудың өзіндік дәстүрі бар. Мәселен, Швецияда оқушылар өз мектебінің алдында шерулетіп, міндетті түрде ән шыққайды.

ҚАЗАҚСТАНДА АДАМ САУДАСЫНА ОРЫН ЖОҚ

Кешегі өткен Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар қараған заң жобасының топтамасы адам саудасына қатысты болды. Былтырғы мамыр айынан бері Парламенттің Төменгі палатасында жатқан үш бірдей заң жобасын Үкімет ұсынған болатын. Осы жолы екінші оқылымы өткен құжатта көптеген өзгеріс пен толықтыру бар. Соны білмекке Мәжіліс депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Марат Бәшімовті әңгімеге тартқан едік.



– Марат Советұлы, бүгінгі отырыста Әкімшілік құқық бұзушылық кодекске толықтырулар, кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар және «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасы қаралды. Бұл мәселе нәліктен ортақ топтастырылмай отыр?

– Адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттар талап ететіндей, адам саудасына қарсы күрес туралы жеке заң Қазақстанда бұған дейін болған емес. Сондықтан да оны халықаралық құқықты ескере отырып, әзірлеп шығару қажеттілігі туындап отыр. Осы ретте біз қарастырып отырған үш құжаттың негізгісі – «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасы оның ұйымдық-құқықтық негіздерін анықтауды көздейді. Олар – адам саудасына қарсы күрес саласындағы уәкілетті органдарды құру және олардың құқықтары мен міндеттерін белгілеу, анықтамалық сипаттарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, жана ұғымдарды, адам саудасына қарсы күрес субъектілері мен олардың құзыреттерін қолданысқа енгізу, осы саладағы проблемаларды анықтау мақсатында тәуекелдерді бағалау (деректер жинау) құралын іске қосу.

Құжатта халықаралық қолданыстағы «адам саудасының ықтимал құрбаны» деген ұғым нақты айқындалған. Олар – материалдық, психологиялық немесе өзгедей де тәуелділік салдарынан зорлық-зомбылықтың немесе қинау мен қанаудың объектісіне айналуы мүмкін адамдар, яки кәмілеттік жасқа толмаған немесе егде жастағы жетім, қараусыз, жұкті, мүгедек, психикалық ауру, есірткі, алкоголь немесе психотроптық заттарға салынған, жұмыссыз, құжатсыз, баспанасыз, сондай-ақ тұрақсыз көшіп-қонған жағдайы нашар жандар.

(Жалғасы 3-бетте)



СМЕТОВ ҚАШАҢҒЫ СҮЙРЕЙДІ?

Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби қаласы дзюдодан рейтингілік әлем чемпионатын қабылдап жатыр. Жарыстың алғашқы күнінде қоржынға бір қола түсті. Екінші күні татамиге шыққан бес балуан да бірінші айналымнан аса алмады. Үшінші күнгі нәтиже де көңіл көншітпейді.



Халықаралық дзюдо федерациясы бекіткен ережеге сай, әлем чемпионаты рейтингілік ұпай беретін маусымдағы ең соңғы турнир. Осы жарыста балуандар Париж ойындарына апаратын соңғы билеттерді қалтаға салмақ. Олимпиадаға жолдама мәселесін шешіп алған кейбір әлем үздіктері мұнда келген жоқ. Десе де, жер жүзінің мықтылары әлемдік додандан сырт қалмауға тырысқан. Қазақстан командасы да Абу-Дабиге үлкен үмітпен аттанды. Былтырғы сында жүлдесіз қалған соң Олимпиада қарсаңында жанкүйер көңілінен шығу барлығына да маңызды еді. Бірақ жарыс қарсаңында федерация үлкен даудың шетін шығарды.

»7

ОЙЫН ОЙНАҒАН ОЗАДЫ



Жаһан жоғары жылдамдықпен дамып келеді. Өркениет көші алға озған сайын құндылықтар да жаңару үстінде. Бұрын күлкілі, баланың ермегі секілді көрінген дүниелер бүгінде бұқаралық сипатқа айналып келеді. Цифрландыру үрдісі қарқынды жүріп, қаржы, медицина, әскери сала, білім беру салаларына және өзге де қоғамдық барлық салаға тікелей және жанама негізде жылдам кірігіп үлгерді. Бұған бір ғана мысал ретінде киберспортты атасақ болады. Бұл спорт түрінен де әлем қазір алдыңғы саптан көріну үшін барын салып, тіпті беделді алпауыт компаниялар қаржыларын құйып, демеушілік етуде. Ендіше киберспорт дегеніміз не? Ол саланың еліміздегі ахуалы қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік...

»5

